

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республика Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 150ц қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 220-қосымшада :

1 - т а р м а қ т а :

"615640" деген сандар "621931" деген сандармен ауыстырылсын;

"алты жүз он бес миллион алты жүз қырық мың теңге" деген сөздер "алты жүз жиырма бір миллион тоғыз жүз отыз бір мың теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 256-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"және көпір мен РФ шекарасынан қашықтығы 5 км "Ақтөбе - Ор" а/ж теліміне жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау" деген сөздер алынып тасталсын;

"147 км көпір қалпына келтіру;" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"мынадай автожолдардың жекелеген учаскелерінде су тасқынының зардаптарын жою жөніндегі авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу:

"Алматы - Хоргос" 185-189, 191-192, 212-214, 215, 218-220, 222, 227, 236, 243, 244 км ;

"Ақсай - Шонжы - Көлжат - ҚХР шекарасы" 10-12, 56-58 км";

"телімдеріне арналған жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау;" деген сөздерден кейін мынадай абзацпен толықтырылсын:

"Бурабай кентіндегі Громотуха өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі